

# АҚЫН ДАҢҚЫ — ХАЛЫҚ ДАҢҚЫ

Талант — халықтың асыл қазынасы. Партия мен үкіметіміз халқының рухани бейнесін бітім-болмысын, қуатын өнер тілінде талғасыз сөзсөз білетін дарынды, шоктығы биік ұл-қызына үнемі қамқорлық жаппай отырған. Кенекен — осы құрметті толық иесі болған біретей тұлға.

Ұлы жердің қай топырағының болмасын өзекжарды өнерпазы болатындығы шындық. Біздің Красногор ауданы үшін зор мақтаншы — ол Кенен Әзірбаев. Қазақстан жауһар өнері — ауыз әдебиетінің куәлі сүйлейінің үлкен бір арнасының осы күні өзіміз еңбек етіп жүрген жерде туғаны, гүмбір кешкені, өрсі, өрсі, өнегесімен өз өлкесіне өнердің байрағын желбіртегісіп, ұзақ жылдар қоғамдық-әлеуметтік дамудың тарихи белестерінде елдің салтанатын, парасатын, адамгершілік мұратын талмай жырлап өткен асқан абырой.

Халықтың арасында қай дарын да өз топырағына тарталды деген ұғым бар. Шындағы сол, Кенекеннің өзінің тандаған адамның көз алдына әйгілі Сұлутөр биінің қорай шалғын көкмайса көркем келбеті. Отар даласын желіп өтетін жел мая самалы Кордайлы бұйрат жоталарының адуын аптабынан кейін ақнұр саумалап қоя беретін айлы түні, Ұзынсу. Кіндіктастың асау ағыстары елестеп қоя берер еді.

Аудағымыздың бүгінгі таңдағы өнерпаз жастары ата дәстүріне, оның Отанды, еңбекті, туған жерді сую хақындағы өсиетіне адал. Кенекеннің туған ауылы — Киров атындағы колхоздың қай үйінің төрінде де күмбірлеген қара домбыра тұр. Ол қолына тигенде екінші бірі айналасын Кенекеннің тамаша ән-жырына бөлейді. Жүрегіңізге елі, еңбегі, туған топырағы, туралы аты сазын жеткізеді.

Кенекен — өз ауданы, оның тұлғасы, тұрмысы, адамдары жайлы көп жырлаған, ұдайы өніне қосқан адам.

Оның Красногор өлкесіне махабаты шексіз болды. Бір кезде аудан Қордай ауданымен бірігіп, 1974 жылы қайта енші алып шыққанда Кенекен оны өз алдына отау тіккенмен құттықтай отырып:

Балалар өз төбесін тауым десін,  
Тауыңа ырыс келсін —  
Ойыңда егін өсіп, қы жауын келсін.  
Красногор данқын қайта дәурлесін, —  
деп айқаны жұттың есінде.

Халықтың басқа да аса дарынды өнерпаздары сияқты Кенен Әзірбаев та шын бақытты Совет заманынан тапты. Еркіндік, теңдікке қолы жеткен ақын қатардағы халық ақынынан бірте-бірте сәтті құрылыстың белсенді күрескеріне айналады. Шыр етіп Қордай өңірінде дүниеге келген ол Совет өкіметінің тұсында туған өңірін жасарып, жайнай түсуіне аз уәлес қосқан жоқ. Ауылдық кеңестің содан соң Кордай болыстық революциялық комитетінің председатели бола жүріп қынаптан суырылған қылыштай жарқыраған жырымен де, әуезді өнімен де, ұйымдастырушылық қабілетімен де күрестің жалынды алғы шебінде жүрді. Ұлы Октябрьді, жаңа заман тақырыбын, дана Ленинді, ерлікті елдің салтанатын, шат тұрмысын, халық пен партияның мызғымас бірлігін жырлауда Кенекен ұлы ұстазы Жамбылдың озық мектебінен үлгі-өнеге алды.

Келесі жылы бүкіл прогрессивті адамзат совет халқының Ұлы Отан соғысында фашистік Германияны жеңуінің 40 жылдығын зор салтанатпен атап өтпек. Еуропада бейбіт аспан астында ақ қанат көгершіндердің қалықтағанына, сәби күлкісінің күмістей әсем сыңғырына қау түспегеніне, қорғасын оқ пен снарядтардың

(Жалғасы 2-бетте).



Кенен ӘЗІРБАЕВ.

## ҚАЗАҚСТАНЫМ

Гүлденген күншығыста Қазақстан,  
Үлгі алған Ұлы Октябрь, ұлы орыстан.  
Ленин шаңқан шұғыла, нұр астында  
Отанға еңбегімен үлес қосқан.

Жасымда Жетісудай жер жоқ деуші ем,  
Балқаштай жер жаһанда көл жоқ деуші ем.  
Ойласам көрмегеннің салдары екен,  
Асатын Алатаудан бел жоқ деуші ем.

Халқының Қазақстан кең жері бар,  
Алатау, асқар Алтай белдері бар.  
Ақ Жайық, Ертіс, Арал, Каспий, Іле,  
Сайлы өзен, терең теңіз көлдері бар.

Қазақтың жері де алтын, тасы да алтын,  
Тауының бауыры алтын, басы да алтын.  
Кең дала тынысыңды кеңейткендей,  
Елімің желі жұпар, қоңыр салқын.  
Елімің төсі айдау, жері — жайлау.  
Сұлудай сылдыр бұлақ шолпы байлау..  
Қасқа жол, қарақия, ұлар ұшқан,  
Үлкен саз, кіші сазға бие байлау.  
Гүлденген Ұлы Отанның арасында,  
Ән шырқан неше алуан саласында,  
Поезбен, самолетпен тамашалап,  
Мәскеудің тоғыз бардым қаласына.

## МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА ОРНАТЫЛДЫ

Ақынның туып өскен жері Киров атындағы колхозда Кенен Әзірбаевтың әдеби-мемориалдық музейі кешілік келетін сүйікті орындарының бірі. Кенен есімімен аталатын селода сондай-ақ жыр дүлдүлінің бюсті орнатылған.

Өткен бейсенбіде Киров атындағы колхозда аса көрнекті халық ақыны Кенен Әзірбаевтың үйіне мемориалдық тақта орнатылуына байланысты салтанатты жиын болып өтті. Онда аудандық партия комитетінің бірінші секретары Ә. Исақов сөз сөйлеп, ақынның өмір жолына, оның қазақ совет әдебиетіндегі алатын орнына қысқаша тоқталып өтті. Мемориалдық тақтаның бетін

аудандық атқару комитетінің председатели Н.П. Жуковна салтанатты жағдайда ашты. Тақтада «Бұл үйде 1959—1976 жылдары қазақ совет халық ақыны, әнші, композитор Кенен Әзірбаев тұрды» деген жазу бар және ақынның суреті бейнеленген.

К. Әзірбаевтың қызы Төрткен Кененсва ақын ұрпағы атынан халық творчествосына деген қамқорлығы үшін үкімет пен партияға зор ризашылығын білдіріп, сондай-ақ Кененнің замандасы Ж. Айтқұлов және Киров атындағы орта мектептің оқушысы Е. Құттықмбетова сөз сөйледі.

Ө. СМАЙЛОВ,  
Красногор ауданы.



Бұл үйде 1959—1976 жылдары Қазақ Совет халық ақыны, әнші, композитор КЕНЕН ӘЗІРБАЕВТҰРДЫ  
В этом доме 1959—1976 годы жил народный акын Казахской ССР певец, композитор КЕНЕН АЗЕРБАЕВ.

## ӘНГЕ ҚОСТЫ АТЫҢДЫ...

Естілген ер едің-ау сөзі деп сөйлегенде,  
Мерейлі мәртебемен қол алыстан, Орныннан шығарсың-ау  
Айдарлы Алатаудың алысқан. Қай қазақ мақтан етпес  
Атыңды әнге қосты баурайында, Әмірдің еді сенің бәйбілі  
Сусындап өскен едік Қазақстан. Сүйінбай, Вазар, Жамбыл,  
Дауысың кетпейді бұл бұлағыннан. Бұқар жырау  
Елің сенің ардақтап құлағымнан. Жолымен жүріп өткен  
Басыңа қойды ескерткіш мрамордан. Көктем келіп, жайғанда  
Шәкірттің әнге салмай тура алмаған. Жатырмысың,  
Өзіңнің сөзіңді айтпай жүре алмаған. Төсеніп туған жердің  
Біз бүгін «Кенекем» — Асылқұл топырағын.  
Кенен селосы.



# ЖҮРЕК

# ЖАРДЫ

# ЛЕБИЗДЕР

**К. БАЯЛИЕВ,**  
жазушы, Қазақ ССР-  
нің еңбек сіңірген мә-  
дениет қызметкері.

Алғаш Кенекенді  
1943 жылы декабрь  
айының басында Ал-  
матыда көрдім. Ақын-  
дағдың республика-  
лық айтысы өткен-ді.  
Сонда Жәкең ай-  
тысқа қатысқан ақын-  
дарға мінездеме бере  
келіп:

«Әзірбайұлы  
Кенекен —  
Ән мен жырдың  
кеші екен», —  
деген еді.

Міне, сол уақыттан  
бастап Кенекенді та-  
лай жерде көріп, ән  
жырын, әңгімесін өз  
аузынан есту бақыты-  
на ие болдық. Ол кісі-  
мен әрбір кездесу —  
естен кетпес ғажап  
оқиғаға пара-пар. Ке-  
некен тамаша ақын,  
композитор ғана емес,  
суырып салма шешен,  
әңгімешіл де адам  
еді ғой. Кенекеннің  
әр кештегі әңгіме-  
сі өз алдына бір кітап  
деуге болады. Кенекен  
өлен айтып, әңгіме  
шерткенде шаршауды  
ұмытып, шабыты та-  
сып кете ме деп қала-  
тынбыз. Шын жүйрік  
дүлдідер ғана осылай  
болса керек.

**Ж. СӘТІБЕКОВ,**  
ақын.

Кенекен жайлы әң-  
гіме айту шәіркеп  
келген жұртқа мөддір  
бұдақтан қасқақтан су  
тартамын бірдей. Ол  
кісінің бар болмысы-  
ның өзі мөддір бұлақ  
сияқты. Екі газырдың  
куәсі болған Кенекен-  
нің бастан өткерген  
тыныс - тіршілігінің  
барлығы халыққа еге-  
не жақын. Оның бар  
қызметі туған халқы-  
на арналды. Сондық-  
тан абыз атамыз —  
халықтың ішінен мар-  
жан терген адам. Ол  
кісінің шығармалары-  
ның барлығы да сол  
халық үшін жаралған.

Кенекен жайлы әр-  
қилы әңгімелер айтуға  
болады. Солай дей  
түрсақ та жыр ақыны  
туралы тарих айта-  
тын тәрізді. Бір адам-  
ның дархан жыршы  
жөнінде айтуы ол Ке-  
неңге жетіспейтін сөз  
бодуы мүмкін. Кенен  
атамыз жайлы әңгіме  
көп айтылып жүр. Ал-  
дағы уақытта да айты-  
ла береді. Және ол  
мәңгі таусылмайды.

**Ә. ҚАЛДЫБАЕВ,**  
жазушы.

Мен туған жер —  
Шу ауданының ең жо-  
ғары ауылы — Кер-

**Мұхтар ӘУЕЗОВ:**

«Кенеке, мен Сізді әнші ғана ма-  
деуші едім, осыған дейін анық та-  
нымаған екенмін. Сіз күміс көмей  
әншілігіңіздің үстіне, әрі ғұлама  
жырау, әрі әбжіл шешен, байтақ  
шежіре екенсіз. Халқымыздың аяу-  
лы өнерін шет жұртқа жеткізген  
талантыңызға дән ризамын».

**Георгий МАРКОВ:**

«Ақынның көпжылдық еңбегі —  
қалың жұртшылық көңілінен шық-  
қандығының, бауырлас қазақ хал-  
қының басқа советтік ұлттарға де-  
ген ғажап достығының, шексіз  
адалдығының куәсі. Совет оқушы-  
лары Кенен Әзірбаевтың есімін хал-  
лық әдебиетінің аса ұлы алыптары  
Сүлеймен Стальскиймен, Жамбыл  
Жабаевпен қатар атайды».

# АҚЫН ДАҢҚЫ — ХАЛЫҚ ДАҢҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

ажал аңдып, ызындай ұш-  
пағанына қырық жыл тола-  
йын деп отыр. Планетамыз-  
да бейбіт сүйгіш халықтар-  
дың әр даусы әр тұстан үне-  
мі естіліп отыр. Бүкіл адам-  
затты, жоғары сатыдағы қо-  
ғамдық дамуды қас қағым  
сәтте жоқ қылатын ядролық  
апатқа қарсы Совет Одағы-  
ның Коммунистік партия-  
сы қажырлы күрес жүргі-  
зіп келеді. Сонау Ұлы Отан  
соғысының отты жылда-  
рында Кенен атамыздың  
дүниеге келген соғысқа ла-  
нет айтатын ән-жырлары әлі  
күнге дейін өзінің мән-ма-  
нызын жойған жоқ. «Жау-  
рамасын батырлар», «Кек  
алу», «Төрт батырға», «Май-  
данға сәлем», «Батыр бол-  
саң, Мәліктей бол», «Қуа-  
ншығы күн», «Біз жеңеміз»,  
«Жерлес батырға» сияқты  
тамаша жырлардан ақын-  
ның болашақ бақытты өмір-  
ге деген нық сенімін анық  
аңғарғандай боламыз. «Енді  
соғыс болмасын», «Шаттық  
жыры», «Бәрінен де еңбек  
күшті» тәрізді өлеңдері ма-  
мыражай бейбітшілікті, халықтар  
арасындағы шынайы  
достықты жырға қоса-  
ды.

Өз халқына 80 жылдан  
астам уақыт бойы ән-жыр  
сыйлаған үлкен өнерпаздың  
өмірлен өткеніне де бірша-  
ма уақыт болды. Бірақ, шы-  
найы дағынның шырайлы  
өнері халықтың жадында  
мәңгіге қалды. Өзінің өрен  
тұлғалы ұл-қызының өмір  
жолы мен өнегесін тұрақты  
пайымдап, бағалап, жинақ-  
тап, отыратын партияның  
оларды қастерлеудің теңдесі  
жоқ дәстүріне жалпы халықты  
үнемі тәтті етіп  
отыратыны әрине, баршаға  
белгілі.

1981 жылы облыстық партия  
комитетінің, облыстық  
атқару комитетінің тікелей  
басшылығы мен қамқорлы-  
ғының нәтижесінде Киров  
атындағы колхозда К. Әзір-  
баев атындағы әдеби-мемо-  
риалдық музей есігін көпші-  
лікке аяқара ашты. Ал он-  
ның төңірегіне парк орна-  
тып, демалыс орнына айнал-  
дыру 1976 жылы қолға ал-  
ынған еді. Одан бергі жыл-  
дардың ішінде парк арнайы  
дайындалған әдемі шарбақ-  
пен қоршалды, асфальт  
жолдар мен плиталар төсе-  
ліп, үлкен жұмыстар атқа-

рылды. Қазір музей төңіре-  
гінде отырғызылған тал-  
дарақтар қаулап өсіп, әдемі  
бір сая жайлы, көрікті кө-  
рініске айналған.

1983 жылы музей қайта  
жөндеді. Этнографиялық  
экспонаттардың және Кене-  
кеңнің өмірі мен творчест-  
восына байланысты басқа да  
ұйымдардың көптігіне орай  
колхоздың күшімен музей  
жанынан кино мен көрме  
залы бар үй салынды. Сол  
жылы облыстық партия ко-  
митеті мен облыстық атқару  
комитеті Кенен Әзірбаевтың  
туғанына 100 жыл толуына  
байланысты қаулы қабылда-  
ған еді. Міне, сол күннен  
бастап осы бағытта сан-са-  
ламы қызу жұмыстар жү-  
зеге асты. Ақын, композитор  
әрі орындаушының тв-  
орчествосын кеңінен насил-  
хаттауға да зор көңіл бөлін-  
ді. Аудандық мәдениет үйі-  
нің жанындағы «Ойжайлау»  
фольклорлық жастар ансам-  
блі репертуарының бір бөлігі  
түгелдей Кенен туынды-  
ларынан тұрады, олар көп-  
теген колхоз-совхоздарға  
сапар шекті. Сондай-ақ рес-  
публикалық теледидардан  
өнер көрсетті. Мұнымен  
бірге ауданымызда Кенен  
өндерін орындаушылар кон-  
курсын ұйымдастыру өнеге-  
лі дәстүрге айналды.

Кенен творчествосын на-  
сихаттау ісінде оның тарих-  
тың әр кезеңінде өмірге  
жолдама алған ән-жыршы-  
ның қоғамдық-әлеуметтік  
мән-маңызына талдау жа-  
сау, өнерпаздың дүниета-  
нымдық қасиеті. Отан мен  
партияға адалдығы бірінші  
кезекке қойылды. Біздің ал-  
дымызға қойған мақсаты-  
мыз жас ұрпаққа өнердің  
халықтығының, партиялы-  
лығының өміршендігін. он-  
ның шексіз құрметке, рухани  
азыққа айнала беретінін  
түсіндіріп жеткізу еді.

Кенекеннің туғанына 100  
жыл толуы құрметі қарса-  
ңында аудан еңбекшілерінің  
серпілісі ерекше болды. Ке-  
нен селосын көріктендіруде  
де көп жұмыстар жүзеге  
асырылды. Музей паркінің  
айналасына автотранспорт  
тұратын бірнеше алаңдар  
салынды, орталық көше-  
лерге асфальт төселді, олар-  
дың бойына ағаш қоршау-  
лар тұрғызылып, су құбыр-  
лары қалпына келтірілді,  
селонын электр жүйесі қай-  
та жөндеді, барлық көше-

лерге түгелдей жарық ор-  
натылды. Осыдан он жыл  
бұрын салынған Мәдениет  
үйі бастан-аяқ күрделі жөн-  
деуден өткізіліп, көрнекі құ-  
ралдар жаңартылды.

К. Әзірбаевтың туғанына  
100 жыл толуына арналған  
ұлан той ауылдан төрт ша-  
қырым жердегі тау басте-  
рінде өткізіледі. Міне, осы  
жерге дейін тас жол салы-  
нды, тойдың барлық шарасы  
өтетін бұл орынға бір мың  
адамға арналған орындар,  
электр жарығы, уақытша  
қоғамдық тамақтандыру  
жүйелері орнатылып, радио  
торабымен қамтамасыз еті-  
ілді. Бұл аталған жұмыстар-  
дың барлығы айтар ауызға  
ғана оңай. Қордай колхоз-  
аралық құрылыс ұйымы,  
облыстық «Дорстрой-18»  
тресі, облыстық тұтынушы-  
лар одағы, облыстық мәде-  
ниет басқармасы және басқа  
да ұйым-мекемелердің  
той қарсаңында атқарған  
жұмыстары үшін аудандық  
партия комитеті және аудан-  
дық атқару комитетінің  
атынан шын жүректен ал-  
ғысымызды айтамыз.

Сонымен бүгін сексен  
жылдан астам уақыт бойы  
туған халқың жырға қос-  
қан, тамылжыған енге бө-  
леген қасиеті Кенен ата-  
мыздың туғанына жүз жыл  
толған торқалы тойы. Ақын  
даңқы — туған халқының  
даңқы. Бүгін қалың жұрт-  
шылық сүйікті ақынның  
мерейлі мерекесін ерекше  
сән-салтанатпен атап өте-  
ді. Біржан-сал, Ақан сері,  
Балуан Шолақ, Үкілі Ббы-  
рай, Мұхит, Әсет дәстүрін  
жалғастырған, сал-серінің  
соңғысы атанып жүрген Ке-  
некеңнің бұл тойы — дүбір-  
лі мереке. Қазақ поэзия-  
сының алыбы қарт Жам-  
былдан бата алып, өнер кө-  
гіне самғап ұшқан, туған  
даласындай кең, тау қыра-  
нындай ұшқыр, тұлпардай  
тегеурінді Кенен атамыздың  
қайрақ тастай от шашқан  
өткір жырлары, әуезді ән-  
дері қарт Қордайдың аспа-  
нында бүгін тағы да қалы-  
қтайды. Ендеше, үлкен  
тойға жиналған жұртшы-  
лыққа: «Той- тойға ұлас-  
сын, құрметті меймандар!» —  
деп жүрек жарды тілек ай-  
тамыз.

**Ә. ИСАҚОВ,**

Красногор аудандық партия  
комитетінің бірінші  
секретары.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
МҰРАҒАТЫ

№ 2355 қор  
№ 1 тізбе  
№ 754 іс

Алматы қаласы

Ахметов Заки

Ахметов

К. Асаубаев, К. Бадалиев, О. Сулайманов,  
К. Миландиев және др. «Зерттеулік қорғалар»;  
«Военно-морская секретариатура», «Он дүние  
сүйі нәрсесі»; «Дүлдүлі ері тәңір де» және др.  
Статей к 100-жылдығы соғды рәсімдеріне  
«К. Азербайжан».  
Газеттер «Әзізбек нұсқа», №124, «Жаңа нұсқа»;  
№124.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1994г.

Құжат саны \_\_\_\_\_

Парақ саны 41.

№ 2355 қор  
№ 1 тізбе  
№ 754 іс